

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№2(131)/2020

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф., Баку мемлекеттік университеті, Баку, Әзірбайжан
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф., Қырғызстан Ұлттық ғылым академиясы, Бішкек, Қырғызстан
Аймұхамбет Жанат	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Бахтикиреева Улдана	ф.ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей
Беженару Людмила	ф.ғ.д., проф., Яссы мемлекеттік университеті, Яссы, Румыния
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Жан Динжиң	PhD, проф., Миньцзу университеті, Пекин, Қытай
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ержласун Гүлжанат	PhD, проф., Хаджи Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф., Бонн университеті, Бонн, Германия
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф., Ә. Науаи атындағы Ташкент өзбек тілі және әдебиеті мемлекеттік университеті, Ташкент, Өзбекстан
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф., Тіл және халықаралық білім бойынша бірлескен ұлттық комитеті, Вашингтон, АҚШ
Сәтенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Тұрысбек Рақымжан	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф., Уфа федералды зерттеу орталығы, Уфа, Башқұртстан, РФ
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф., Лингводидактика жоғары мектебі, Санкт-Петербург, Ресей
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Экиджи Метин	PhD, проф., Эгей университеті, Измир, Түркия
Янковски Хенрих	PhD, проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ. Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Г.Е. Базылхан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 25 дана. Басуға 08.06.2020 ж. қол қойылды.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief Dikhan Kamzabekuly

Doctor of philology, academician of NAS RK, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief Zharkynbekova Sholpan

Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof., Baku State University, Baku, Azerbaidzhan
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof., National Academy of science of KR, Bishkek, KR
Aimukhambet Zhanat	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof., RUDN University, Moscow, Russia
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof., University UAIC, Iasi, Romania
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. Higher school of linguodidactics and translation, Saint Petersburg, Russia
Erzhiasun Güljanat	PhD, Prof., Hasi Bayram Veli University, Ankara, Turkey
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Henryk Jankowski	PhD, Prof., Adam Mickiewicz University, Poznan, Poland
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof., UFRK RAS, Ufa, Bashkortostan, RF
Metin Ekiji	PhD, Prof., Ege University, Izmir, Turkey
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof., Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof., University of Bonn, Bonn, Germany
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof., Tashkent State University of Uzbek language and literature, Tashkent, Uzbekistan
Rivers William Patrick	PhD, Prof., Joint national Committee on languages and international education, Washington, USA
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, as. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Turysbek Rakymzhan	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Zhang Dingjing	PhD, Prof., Minzu University of China, Beijing, China
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: G. Ye. Bazylkhan

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies. Signed in print: 08.06.2020

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф., Бакинский государственный университет, Баку, Азербайджан
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф., Национальная академия наук КР, Бишкек, Киргизия
Аймухамбет Жанат	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. Российский университет дружбы народов, Москва, Россия
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. Ясский государственный университет, Яссы, Румыния
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Жан Динжин	PhD, проф., Китайский университет Миньцзу, Пекин, Китай
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Ержласун Гульжанат	PhD, проф. Университет Хаджи-Байрам Вели, Анкара, Турция
Каскабасов Сеит	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Негимов Серик	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Райхл Карл	д.ф.н., проф., Боннский университет, Бонн, Германия
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф., Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы имени А. Навои, Ташкент, Узбекистан
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф., Совместный Национальный комитет по языкам и международному образованию, Вашингтон, США
Сатенова Сериккуль	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Тажобаева Сауле	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Турьсбек Рахимжан	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф., УФИЦ РАН, Уфа, Башкортостан, РФ
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф., Высшая школа лингводидактики и перевода, Санкт-Петербург, РФ
Шарип Амантай	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцента, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Экиджи Метин	PhD, проф., Эгейский университет, Измир, Турция
Янковский Хенрих	PhD, проф., Университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Г.Е. Базылхан

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018 г.
Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 25 экземпляров. Подписано в печать 08.06.2020 г.
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500
(вн. 31-413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Амангазықызы М.</i> Қазақ прозасындағы астана образы	8-15
<i>Андасова М.М.</i> Жаһандық контекстегі классикалық жапон әдебиеті («Гэндзи хикаясы» негізінде)	16-21
<i>Демесинова Л.М.</i> «Архетип» ұғымының кейбір теориялық аспектілері	22-29
<i>Ердембеков Б.А., Султанғалиева О.Қ.</i> Мейірхан Ақдәулетұлы поэзиясындағы идеялық-көркемдік ізденістер	30-36
<i>Звонарёва Л.У., Звонарёв О.В.</i> «Күміс ғасыр» әйел ақындарының шығармашылығындағы Шығыс мифологиялық сарындары.....	37-46
<i>Зиоллаева А.Қ., Балтымова М.Р.</i> Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы интермәтіндік көріністер	47-52
<i>Сатбаева А.Б.</i> XX ғасырдағы америка және қазақ әдебиетіндегі маскулиндік стереотиптер	53-61
<i>Таджиев Х.Х., Қортабаева Г.Қ.</i> “Қазыналы Оңтүстік” көптомдығындағы Нұралы Нысанбайұлының әдеби мұрасы	62-70
<i>Ташимбаева С.Ж.</i> Ақтамберді Сарыұлы толғауларының элеуметтік-психологиялық мәнін зерделеу	71-76

Лингвистика және әдістеме

<i>Ақынова Д.Б., Баекеева Ж.Х.</i> Қостілділер сөйлеуіндегі грамматикалық интерференция	77-86
<i>Алдабердіқызы А., Аязбаева А.М.</i> Оқу сауаттылығы: анықтамалары мен қолданыс аясы	87-93
<i>Балабекова Қ.Ш.</i> Тұрмыс-салт ертегілеріндегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты	94-100
<i>Есентемирова А.М.</i> Иллокутивті әсер - көркем аударма сәйкестігінің өлшемі	101-112
<i>Кожрахметова Г.А., Тажиббаева С.Ж.</i> Қазақ тіліндегі «шолпы» атауының аударылу ерекшеліктері	113-120
<i>Қамзабекұлы Д.</i> «Рухани жаңғыру» - адамзаттық құндылық	121-127
<i>Өтелбай Г., Әшенова А.</i> Тілді оқыту және ОӘК: жетілдіру ізденісі	128-134
<i>Рахимбаева Г.К.</i> Тарихи жырлардың тілдік ерекшеліктері	135-142

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Amangazykyzy M.</i> The image of capital in the Kazakh prose	8-15
<i>Andassova M.M.</i> Classical Japanese Literature in the Global Context (on Genji monogatari)	16-21
<i>Demessinova L.M.</i> Some theoretical aspects of the concept «archetype».....	22-29
<i>Yerdembekov B.A., Sultangalieva O.K.</i> Ideological and artistic searches in the poetry of Meyrkhan Akdauletuly	30-36
<i>Zvonareva L.M., Zvonarev O.</i> Mythological motifs of the East in the works of Silver age poetess	37-46
<i>Zinollaeva A.K., Baltymova M.R.</i> The manifestation of intertextuality in the poetry of Mukagali Makatayev	47-52
<i>Satbayeva A.B.</i> Masculine stereotypes in American and Kazakh literature of the XX century	53-61
<i>Tadzhiyev Kh.Kh., Kortabayeva G.K.</i> Literary heritage of the Nurali Nysanbaiuly in the multivolume “Kazynaly Ontustik”	62-70
<i>Tashimbayeva S.Zh.</i> Study of the socio-psychological significance of the tolgau Aktamberdi Saryuly	71-76

Linguistics and methodics

<i>Akynova D.B., Bayekeyeva Zh.Kh.</i> Grammatical interference in bilingual speech	77-86
<i>Aldaberdikyzy A., Ayazbayeva A.M.</i> Reading literacy: definitions and implications.....	87-93
<i>Balabekova K.Sh.</i> Ethnolinguistic character of proverbs and sayings in everyday tales	94-100
<i>Yessentemirova A.</i> Illocutionary influence as the criterion of literary translation authenticity	101-112
<i>Kozhakhmetova G.A., Tazhibayeva S.Zh.</i> Peculiarities of translation of Kazakh jewelry “sholpy”	113-120
<i>Kamzabek-uly D.</i> “Ruhani Zhangyru” – a common value	121-127
<i>Otelbay G., Ashenova A.</i> Teaching language and EMC: the ways of improvement	128-134
<i>Rakhimbayeva G.K.</i> Linguistic features of historical epics	135-142

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Амангазыкызы М.</i> Образ столицы в казахской прозе	8-15
<i>Андасова М.М.</i> Японская классическая литература в глобальном контексте (на материале «Повести о Гэндзи»)	16-21
<i>Демесинова Л.М.</i> Некоторые теоретические аспекты понятия «архетип»	22-29
<i>Ердембеков Б.А., Султангалиева О.К.</i> Идеино-художественные искания в поэзии Мейрхана Акдаулетулы	30-36
<i>Звонарёва Л.У., Звонарёв О.В.</i> Мифологические мотивы Востока в творчестве поэтесс Серебряного века	37-46
<i>Зиоллаева А.К., Балтымова М.Р.</i> Проявление интертекстуальности в поэзии Мукагали Макатаева	47-52
<i>Сатбаева А.Б.</i> Маскуллинные стереотипы в американской и казахской литературе XX века	53-61
<i>Таджиев Х.Х., Қортабаева Г.К.</i> Литературное наследие Нуралы Нысанбайулы в многотомнике “Казыналы Онтустик”	62-70
<i>Ташимбаева С.Ж.</i> Изучение социально-психологической значимости толгау Ақтамберды Сарыулы	71-76

Лингвистика и методика

<i>Акынова Д.Б., Бакеева Ж.Х.</i> Грамматическая интерференция в речи билингов	77-86
<i>Алдабердіқызы А., Аязбаева А.М.</i> Читательская грамотность: определения и сфера употребления	87-93
<i>Балабекова К.Ш.</i> Этнолингвистический характер пословиц и поговорок в бытовых сказках	94-100
<i>Есентемирова А.М.</i> Иллокутивное воздействие как критерий аутентичности художественного перевода	101-112
<i>Кожаметова Г.А., Тажимаева С.Ж.</i> Особенности перевода названия казахского украшения «шолпы»	113-120
<i>Камзабек-улы Д.</i> «Рухани жангыру» - общечеловеческая ценность	121-127
<i>Отелбай Г., Ашенова А.</i> Языковое обучение и УМК: пути совершенствования ..	128-134
<i>Рахимбаева Г.К.</i> Лингвистические особенности исторических эпосов	135-142

XFTAP 16.01.17

С.Ж. Ташимбаева

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе, Қазақстан*

Ақтамберді Сарыұлы толғауларының әлеуметтік-психологиялық мәнін зерделеу

Аңдатпа. Мақалада Ақтамберді Сарыұлының толғауларындағы әлеуметтік-психологиялық ой-сана көрінісінің герменевтикалық бағыттағы сипаты талданған. Оның шығармаларын зерттеудің басқа әдіс-тәсілдеріне көңіл бөліп, жырау толғауларындағы адам санасын оятып, сілкіндіріп, мотивация беріп, ақындық «мен» мен ішкі мұңның лирикалық сипатта жырлануы сөз болады. Ақындық «мен» және көңіл күйдің, ішкі мұңның байланысын қарастыра келе, Ақтамберді толғауларындағы романтикалық, психологиялық сарынға назар аударыла отырып, «ақындық жалғыздық» мәселесі қарастырылды. Ақынның жан жалғыздығы, рухани ахуал - шығармаларына арқау болған мотивтер. Жырау толғаулары дидактикалық, философиялық бағытта зерттеліп, оның жырларындағы ұлттық бояу, ұлттық менталитет, ұлттық колорит мәселесі қарастырылған еңбектер баршылық. Жырау шығармашылығының басты ерекшелігі де осылар еді. Ал бұл мақалада осы пікір-тұжырымдарды жалғастыра келе, психологиялық-аналитикалық талдау жасалып, теориялық тұрғыда баға берілді

Түйін сөздер: жыраулық өнер, жырау, психологизм, толғау, лирикалық образ, ақындық «мен», әлеуметтік лирика.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-131-2-71-76>

Түсті: 21.05.20 / **Қайта түзетілді:** 01.06.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 08.06.20

Жалпы өнер адамында, өнер саласында рухани бөлектену, қоғамнан бөліну, жатсыну, әлеуметтік жалғыздық мәселесі өз шығармашылығында көрініс табады. Ол мейлі музыка, суретші, мүсінші болсын, ішкі дан дүниесін туындысына сарп етеді. Ал әдебиетте ақындық «жалғыздық» мәселесі – өзіндік «менмен» алысуға, мінезімен «салғыласуға», ішкі мұң-шерін шығаруға себеп болатын түрткі. Адамның шынайы тұрғыда және рухани тұрғыда жалғыздығы болады. Ақтамбердінің жалғыздығы осы екі түрге келіп саятын еді. Толғауларында терең психологизмнің көрінісін танытқан жырау туындылары – ақынның мінезін береді.

Атадан жалғыз туғанның

Жүрегінің бастары

Сары да жалқын су болар,

Жалғыздық, сені қайтейін!.. [1, 58 б.],

- деп ақынның күніренуі өмірден шеттетіліп, ағайынның жылуы мен бауырдың қолдауынан ада болып, жұртқа жемтік болып жүргенін өзінің жалғыздығымен байланыстырады. Шындығында, ақын атадан жалғыз еді, оның осы бір әлеуметтік статусы өзіне қатты батса керек. Бірақ бұл рухани қолдау жағынан ақынның сағын сындырмаса керек, жұртпен бір өзі «алысып», күрескенін жырларынан байқаймыз. Жыраулар поэзиясы өкілдерінің әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар, Ақтамбердінің басқа жыраулардан бірден-бір айырмашылығы – ағайындықты, бауырмалдықты, салт-дәстүрді, ғұрыпты, жалпы адами құндылықтарды бастапқы орынға қояды, оның жырау ретінде биікке көтерілгені де осындай ерекше жырларының арқасы. «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауының айтары, романтикалық екпіні, тілі мен көркемдігі жалпы жыраулық поэзияның мүмкіндігі мен поэтикалық қуатын таныта-

тын мұра. Жырда ұлттық колорит, ұлттық менталитет, жанына жақын халықтық сипат айқын. Ақын «Жел, жел есер, жел есер» атты ендігі бір толғауында да ұлы өскеннің адамның өрісінде малы өсер, ағайыны көп болып, татулықта болса, басына бақыт қонар деп, алайда ең сорлысы бала зарынан сөзі көпке өте алмай, сорлы болып әке аңырап қалар деп әке зарын сөз етеді. Кез келген өнер иесінің өмірі туындысына азық болатынын жоғарыда айттық. Толғаулары арқылы да біз Ақтамберді өмірінің парақтарын ақтарамыз.

Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық, сенен көремін.
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін.
Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талқы көп,
Жасым жетпей он беске,
Қорғайтын жан адам жоқ.
Кәрі ақсайды ақылдан
Ер ақсайды жақыннан,
Қазір әлсіз болсам да,

Үмітім бар ақырдан [1, 59 б.], - деген жолдары жоғарыда аталған пайымдарымыздың дәлелі болады. Өз жайын айта отырып, өмірдегі күресу, қиындыққа төзу, төтеп беру, фәнилік бақыт жолында адалдықтан безбеу, мәңгілік өмірге сену, соны медет тұту. Ақынның осы бір жолдары Абайдың «атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жайым жоқ, моласындай бақсының, жалғыз қалдым, тап шыным» деген ойымен мәндес. Абай, тіпті Ақтамбердіге қарағанда, бауырға бай болса да, рухани жалғыздығынан жапа шегеді. Ақын дегеннен гөрі ақынның лирикалық қаһарманы дегеніміз жөн болар. Міне, ақынның лирикалық қаһарманы күрескерлік, әрқашан диалектикалық бағытта жүретін даму үстіндегі образ екенін көрсетті. Орыс әдебиеттану ғылымында лирикалық қаһарман немесе лирикалық образ – жеке тұлғаны танытуда ерекше рөлге ие образ. Лирикалық қаһарман замандас келбетін толық аша алады және ол автор ойымен өзектес, бір арналы болады. Орыс ғалымы В.П. Крючков оған мынадай түсінік береді: «Лирический герой присутствует не во всех произведениях поэта-лирика, и о лирическом герое нельзя судить по одному стихотворению, представление о лирическом герое складывается из цикла стихов поэта либо из всего его поэтического творчества» [2, 278 б.]. Ақынның қиял әлемі, қалам қарымы, оның идеялық-психологиялық қалпы өз бейнесін, өз кейіпкерін жасауда көрінеді. Бейне ақынның қолынан түптеліп, жинақталып шығатын болғандықтан, ол ақынға тәуелді. Ақын – адам жанын тап басар психолог дейтін болсақ, Ақтамберді өз лирикалық бейнесінің танымдық, тәлімдік қасиеттерін жырлай отырып, оның жанына терең үңіледі. Ақын жан дүниесіндегі күйзеліс пен налысты, мұнайыс пен қайғыны, қуаныш пен адамгершілікті, қамқорлық пен мейірімділікті жіпке тізгендей етіп суреттеп береді.

Жыраулар поэзиясының ерекшелігі – асқақтық, халыққа рух беру, адам жанына қажетті күш-жігерді ояту, осылайша жырау – тек өнер иесі, туынды жасаушы тұлға емес, бір басына бірнеше титулды жинақтаған көпқырлы, әмбебап шығармашыл тұлға, психологияны жетік меңгеріп, әр адамның көкірегіне ерекше сезім ұялатады. Жырларынан делебе қозып, қолыңа ту алып, бәрін қиратардай, алдыңда тұрған жауынды жайпап, керемет күрескерлік сипатқа ие боп, жыраулықтың ауылына еніп кетердей күй кешеді оқырман. Жырауда дидактикалық-философиялық ой-пікірлері жетерлік. Алайда, жыраудың ерекшелігі ретінде біз оның әлеуметтік-психологиялық мәндегі толғауларын талдауды жөн көрдік.

Көк көгершін, көгершін,
Көкқұтан ұшар жем үшін,
Тем, тем үшін, тем үшін,

Тең құрбыдан кемі үшін,
Теңкиген қара саба жоғы үшін,
Көк шекпенін бөктеріп,
Ерлер жортар мал үшін,
Тұтам емшек бие үшін,
Қатын-бала қамы үшін,
Әркім өзі талпынбақ,
Басына бітер бағы үшін [1, 59 б.],

- деп, жырау әр нәрсе өз жұбымен, өз орнымен, өз уақыт белдеуімен жымдасып, гармонияда диалектикалық мәнде қатар жүзетінін мысалдармен айшықты жеткізеді. Әркім өз асы, күн көрісі, пайдасы, керегі үшін жанталасып, экзистенциалдық мәнде «өмір сүру» формасының түрлі әрекет формаларында көрінетінін осы толғауда дәлелденеді. Ал ақынның «Салпаң да салпаң жортармын» атты толғауында лирикалық қаһарманның бейнесін жасап қоймай, бейнеге психологиялық әр береді.

Салпаң да салпаң жортармын,
Сары азбанға қосымды артармын.
Торлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап өрермін,
Байраққа біткен құрақпын,
Саусағым жерге түсірмен,
Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен,
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын
Балталасаң да айырылман.
Сыртым құрыш, жүзім болат,
Тасқа да салсаң майрылман [1, 59 б.].

Бұл ақынның автопортреті ғана емес, жоғарыдағы аталған жалғыздыққа төтеп берер күші, қайраты. Метафораланып берілген ерекше ауыстырулар теориялық тұрғыда алғанда, тек сөз үшін қолданыла салған көркемдік құралдар емес, автордың мінезін танытатын психологиялық теңеулер. Мәселен, байрақтағы құрақ, жапандағы терек, қарағайға қарсы біткен бұтақ, сырты құрыш, жүзі болат деген секілді ауыстырулар – образдылықты арттырып, ақынның бейнесін ашу жолында көмекке келер ерекше әдістер. Осылайша біз ақын және оның ортасын, өмірін танып қоймай, психологиялық тұрғыда бағамдай аламыз.

Осы жерде психологиялық толғау деген ұғым туады. Бірақ бұл жерде шығарманы психологиялық талдаудың астарында әдеби-көркемдік талдау ұғымы жатыр. Толғауды психологиялық талдау мен жалпы психологиялық талдаудың арасы жер мен көктей. Бұл турасында К.Г. Юнг адамды психология ғылымы мен көркем әдебиет екі түрлі бағытта және екі түрлі мақсатта зерттейтінін, әдеби шығармаға психологиялық әдістемемен келу бір басқа да, әдеби-көркемдік тұрғыдан талдау мүлдем өзге өрнекте өрістейтінін ескертеді [3, 105 б.]. Айтып отырған мәселемізге қатысты кезінде М. Горький былай деген: «Танып-білу дегеніміз – ойлау. Шығармашылық ой өрісінің мәнісі де дүние туралы ойлау, бірақ мұның тек бір артықшылығы – мейлінше «көркем», айшықты. Бейнелі ой табиғат құбылыстары мен заттарға сезіну, ықылас-ниет тәрізді адам қасиеттерін дарыту қабілеті деп айтуға әбден болады» [4, 260 б.]. Шынында, әрбір нәрсенің, әр құбылыстың, жаратылыстың мазмұн-мәнін идеялық-әсерлілік негізін қайталанбас қадір-қасиеті тұрғысынан бағалау – көркемдік тану көкжиегінде өзіндік орны бар дара ұғым. Шын суреткердің көркем бейне тудыруы – қашан да адам қатынасымен, қайғы-мұң, қуаныш-сүйініш сияқты көңіл-күй әсерімен қанаттанған шынайы өнер туындысы дейміз. Қандай суреткер болмасын, оның қиялынан туған ой, ұғым, бейне қай жанрда да бағалы, көрнекі болады. Ақынның рухани жан байлығы,

ойшылдығы, тереңдігі қоршаған орта, дүниені, жаратылыс мәнін ойнақыландыра ашуға жан-жақты көмегін тигізеді.

Ақтамбердінің толғаулары сан салалы, оның ішінде, дидактикалық, философиялық, этнографиялық суреттерді қамтитыны бір төбе, ол тақырыптар кезінде талданды, оқырман үшін түсінікті де. Ал психологиялық тұрғыда жыраудың ерекшелігі – адамға мотивациялық сипатта жігерлендіретін ұран тастауында.

Балпаң да балпаң басарсың,
Басуға табан шыдаса,
Қызыл алмас жан қияр,
Қызыл талға қынаса,
Жол болмасқа немене,
Тарығып шын жыласа,
Мал бітпеске немене,
Жігіт жанды бұласа!
Ел шетіне жау келсе,
Алдына, сірә, дау келсе,
Батырсынған жігіттің
Күшін сонда сынаса! [1, 60 б.], -

деген толғауында, сондай-ақ «Балпаң-балпаң кім баспас» жырында жігіттікке ерекше талап қояды, мінейді, мадақтамайды, керісінше, жігіттікке үлкен жүк арта отырып, сынау мағынасындағы ойын келтіреді. Басқа жырауларша, жігіттікті насихаттап, «біздерде мынадай бар, мынадай бар» деп мадақтамайды, тек қана ерлік тақырыбын шынайы жырлап өтеді. Бұл толғаулары жыраудың, бір жағынан, романтикалық бағытқа да ұқсаңқырайды, өйткені мотивтерінен алдағы күнге «жоспарлаған» арманы да көрінетін секілді. Ақтамбердінің бұл идеясын Махамбет жалғастырып, іліп әкетіп, ерлік тақырыбында романтикалық бағытта өлеңдердің классикалық түрін тудырған. Ақтамбердінің толғауларының тағы бір ерекшелігі – романтикаға толы болуы. Теориялық тұрғыда романтиканың ұғымының не екенін түсіндірудің өзі артық деп білеміз. Ақынның «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауының өн бойы романтикамен ұштасқан, бұл толғауларда жыраудың әйел, еркек, бала, халық, ұлт секілді категориялардың жалпы үлгілік, классикалық моделінің ерекше бейнесін шығарады. Міне, жыраудың да ерекшелігі осында. Жеке тұлға – тек психологияның нысаны ғана емес. Ол – әдебиеттің басты құралы. Бірақ әдебиеттің өзі жеке-дара ғылым саласы болғанымен, басқа да ғылым түрлерімен байланыс таппаса, онда әдебиет ғылымы дамымай қалар еді. Әдебиеттің өз арнасында көркемдік психологизмнің ұлттық сипатының алар орны зор. Қай халық болса да, оның өзіне тән мінезі мен ерекшелігі болады. Қоғам байлығы – адам дейтін болсақ, ал адамның бәрін бір нүктеге бойлататын қазық – ұлт. Ал ұлттың мінез-құлқы мен бояу-өрнектері ақын шығармашылығынан орын тепсе, ол – заңдылық. Міне, осы заңдылықтардың барлығы Ақтамбердіде кездеседі. Ақын туындыларының ауқымы – оның әмбебаптылығында. Өйткені ол, біріншіден, талант талғамымен, екіншіден, шығармашылық ұлы ізденіспен, шынайы процестің, талмай еңбек етудің әсерінен кемел жырау дәрежесіне жетті.

Көркем шығарманың дәлдігі – адамның ішкі әлемін, жан-дүниесін, құпия-қалтарыстарын нақты бейнеленуінде. Әдебиеттану сөздігінде: «Әдебиеттегі психологизм – шығарманың эстетикалық әлемін құрайтын кейіпкердің ішкі ойын, толғанысын, рухани күйзелісін терең әрі детальді түрде бейнелеу» [5, 835 б.], - делінген. Шынында да, ақын, алдымен, психолог. Өйткені ол өзі «жасап», «мүсіндеп» отырған бейнесін психологиялық тұрғыдан бағамдап, зерттеп алғаннан кейін барып, оның жан-дүниесін, ішкі әлемін, жан сарайын еркін суреттей алады. Әдебиет – қазынасы мол кең, тереңі таусылмас мұхит. Әдебиеттің жырмайтын, қарастырмайтын тақырыбы жоқ. Әдебиеттің құдіреттілігі сонда, өмірдің сан

алуан қыр-сырын егжей-тегжейіне жетіп, толыққанды жүйемен қамтамасыз етіліп, уақыт пен кеңістікке төтеп бере алады. Литвалық әдебиетші Ян Парандовскийдің сөзіне сүйенсек: «Әрбір қаламгердің жаны – бейне бір толғаныс, күйзеліс тағы басқа да толып жатқан сезімдер қоймасы іспетті» [6, 162 б.], - дейді. Сонда, әдебиет – ақын – образ деген үштік әрқашан бірлікте өмір сүреді дейміз. Ал ақын әдебиет пен кейіпкерді өз сезімінің, өз жүрегінің қоймасынан, яки шығармашылық қиял мен өмірлік шындық байланысынан тудырады. Сайып келгенде, айтпағымыз, мақалада Ақтамбердінің толғауларының психологиялық мәнін әдебиеттану тұрғысынан талқылау нысанына алдық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1989. -384 б.
- 2 Крючков В.П. Русская поэзия XX века: Очерки поэтики. Анализ текстов. В 2-х ч. Ч.1. – Москва: Просвещение, 1997. – С. 278.
